

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы бойынша 2024 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2024 жылғы 16 сәуірдегі № 17/1 шешімі

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабының 1-тармағына, "Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 бұйрығына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл ауданы бойынша 2024 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері айына бір шаршы метр үшін 20 теңге сомасында бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Жамбыл ауданы мәслихаты төрайымы

Л. Топорова

Солтүстік Қазақстан облысы  
Жамбыл ауданы мәслихатының  
2024 жылғы 16 сәуірдегі № 17/1  
шешіміне қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы бойынша 2024 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері**

| № | Атауы                                                                                                                           | Шығыстардың ең төменгі мөлшері<br>(айына 1 шаршы метр үшін теңге) |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|
| 1 | Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері | 20,00                                                             |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК